

Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

Құрметті ҚазҰУ ұжымы,
әріптестер мен студенттер!
Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні —
Наурыз мерекесімен шын жүректен
құттықтаймын!

Жақсылықтың жаршысы, ұлы істердің бастамасы Әз-Наурызды халқымыз игі дәстүр, жарасымды салт-өнеге ретінде ертеден тойлап келеді. Көктем шығып, табиғат ұйқысынан оянып бұл кезеңнің баршамызды шаттыққа бөлейтіні рас.

Күн мен түнді теңеген, іргемізді ізгілікке бөлеген Наурыз барша шығыс халқы үшін бірлік пен берекеге, достық пен сыйластыққа үндеуімен зор маңызға ие. Еліміздің үздік ұлттық университеті ретінде ҚазҰУ-да ұлық мерекені жаңа сипат, жаңаша мазмұнмен заманға сай қайта жандандыруға зор үлесін қосуда. ҚазҰУ қалашығы Әз-Наурызды жыл сайын барша сән-салтанатымен қарсы алатыны баршаңызға аян. Бұл күні университет алаңқайына ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, қазақы ән әуелейді. Жиналған барша қауымның қуана қауышып, шын көңілмен жақсылық тілесуі игі дәстүрге айналды.

Дастарханға ақ толатын, елімізге бақ қонатын осынау мереке қарсаңында барша университет ұжымының ерен еңбегін ерекше атап өткім келеді. ҚазҰУ ұжымы бірлесіп еңбек етудің арқасында биік белестерді бағындырды. Халықаралық QS рейтингтік агенттігінің қорытындысы бойынша әлемнің үздік университеттері арасында 236-орынды иелендік. ҚазҰУ ғылым және білім берумен қатар, студенттік шығармашылық пен спортты шыңдауда да озық үлгі көрсетіп келеді. Университетіміздің инфрақұрылымы жылдан-жылға қарқынды дамуда. Бүгінгі таңда қол жеткізген үздік нәтижелеріміз ұжым бірлігінің, ортақ мақсат жолындағы жасампаз еңбектің жемісі деп білемін.

Құрметті әріптестер мен студенттер!
Ізгілік пен мейірім шуағы төгілген айтулы мерекеде баршаңызға бақ-береке, зор денсаулық пен шығармашылық табыс тілеймін! Ұлыстың ұлы күні бір-бірімізге деген сенім артып, еліміздің іргетасы нығая берсін! Әр шаңыраққа Қыдыр қонып бақ дарысын! Әз-Наурыздағы барша ізгі тілектеріңіз қабыл болғай!

СОВМЕСТНЫЙ ПРОЕКТ - ЦИФРОВАЯ ЗЕМЛЯ



КазНУ им. аль-Фараби совместно с китайским партнером The Institute of Remote Sensing and Digital Earth открывают Центр по дистанционному зондированию Земли. Об этом была достигнута договоренность между университетом и Институтом дистанционного зондирования и цифровой Земли Академии наук КНР (RADI).

Центр объединит научно-исследовательскую лабораторию по обработке данных, выставочный комплекс и лекционные аудитории, оснащенные специальным оборудованием. В работе особое внимание будет уделяться широкому вовлечению студентов в науку и повышению их профессиональных компетенций.

На встрече с ректором КазНУ, академиком Галимкаири Мутановым стороны обсудили вопросы научно-технического сотрудничества с RADI в области космических исследований и развития наукоемких технологий, проведения совместных научных проектов и образовательных программ для молодых ученых. Так, уже в этом году RADI примет 5 специалистов КазНУ на стажировку. Создана рабочая группа из 20 экспертов с обеих сторон по организации подготовительных мероприятий, рассмотрению перспективных форм взаимодействия в области науки, техники и образования.

Центр по дистанционному зондированию Земли является точечным цифровым проектом университета и предполагает решение широкого круга оригинальных

научных, прикладных, технологических, аналитических и образовательных задач по созданию «цифрового» Казахстана. Использование передовых цифровых технологий зондирования Земли в центре КазНУ откроют широкие перспективы для проведения геологических исследований, картографирования, аэро- и космических съемок, спектрометрирования и получения гиперспектральных изображений, работы с большими архивами дистанционных наблюдений и многого другого.

КазНУ имеет уникальные научно-исследовательские результаты и опытно-конструкторские разработки, которые представляют ценность и актуальность для аэрокосмической отрасли. Успешная реализация всех инновационных проектов по устойчивому развитию в ближайшем будущем позволит достойно представить КазНУ как международный Хаб по дистанционному зондированию в Центральной Азии.

ПРЕСС-СЛУЖБА

БҮГІНГІ САНДА:

МАҢЫЗДЫ
ЖИЫН



2-бет

"ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ"
ГАЗЕТИНІҢ
"НАУРЫЗ КӨЖЕСІ"

6,7- беттер



СЕЗІМІДІ ЖЕТКІЗЕР «СЕЛТЕТКІЗЕР»,
ҚОШ КӨРСЕҢ, ҰЯҢ СҰЛУ,
«ҰЙҚАШАР» БЕР

9-бет



Председатель Центрального банка Государства Катар шейх Абдолла бен Сауда Аль-Тани выступил с лекцией в КазНУ им. аль-Фараби на тему исламского финансирования и банкинга.

Ректор КазНУ Галым Мутанов выразил глубокую признательность шейху за повышенное внимание к сотрудничеству с университетом. «Второй визит Абдоллы бен Сауда Аль-Тани в КазНУ является проявлением высокого доверия и закономерным продолжением укрепления партнерских отношений между Казахстаном и Катаром, крупными финансовыми институтами и вузами двух стран», - отметил Г.Мутанов.

Лекция руководителя-практика высшего уровня крупнейшего финансового института Катара проводится в Казахстане впервые. Шейх Абдолла бен Сауда Аль-Тани рассказал о деятельности банка, основных принципах исламского финансирования. Он также выразил пожелание продолжать такие полезные встречи и совместные мероприятия со студентами, молодыми учеными и преподавателями КазНУ.

«Сегодня Государство Катар заинтересовано в развитии исламского финансирования и уделяет этому большое внимание. Мы рады стратегическому партнерству с ведущим университетом Казахстана — КазНУ им. аль-Фараби, который имеет значительный исследовательский потенциал, практический опыт реализации международных научных проектов и готовит высококвалифицированных специалистов в сфере финансов и экономики», - отметил Шейх Абдолла бен Сауда Аль-Тани.

ФОРМУЛА УСПЕХА



Представители делегации Центрального банка Государства Катар Шейх Халид Соуд Аль-Тани, Хуссеин Али Аль Абдулла, Майкл Герард Райен, Адель Мустафауй, Ахмад Али К Ахмад, Абдулла Аль Джаида, Салем Али Аль Кавари ознакомили аудиторию о широком спектре исламских банковских продуктов, депозитных и инвестиционных услугах, финансировании розничных клиентов, физических лиц и многом другом. Также они ответили на многочисленные вопросы студентов и преподавателей КазНУ.

Следует отметить, что в 2016 году в ходе визита шейха в Казахстан было подписано соглашение о сотрудничестве между КазНУ и банком Государства Катар. Партнерство предполагает развитие научно-образовательных контактов и академической мобильности,

реализацию совместных дуальных программ и исследований, тренингов и мастер-классов для отечественных специалистов финансового сектора и многое другое.

В завершение лекции Абдолле бен Сауда Аль-Тани было присвоено звание «Почетный доктор КазНУ им. аль-Фараби». Шейх поблагодарил коллектив КазНУ за присуждение высокого звания, пожелав университету дальнейших успехов в достижении поставленных задач.

Во встрече с высокими гостями приняли участие Посол Казахстана в Государстве Катар Аскар Шоқыбаев, Президент НАН РК Мурат Журинов, представители и эксперты отечественных и зарубежных банков.

ПРЕСС-СЛУЖБА

МАҢЫЗДЫ ЖИЫН

Кезекті ректорат мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелерге көшпес бұрын дәстүр бойынша механика-математика факультетінің деканы Мақтағали Бектемесов оқуда озат деп танылған магистранттар мен докторанттарға шәкіртақы табыстады.



Ғылыми отырыстың шымылдығы 2016-2017 оқу жылының көктемгі бақылау және емтихан қорытындысымен ашылды. Оның көрсеткіштерін оқу жұмысы жөніндегі проректор Аскар Хикметов егжей-тегжейлі баяндап берді.

Келесі кезекте кафедралар мен факультеттердің индикативтік жоспарды және QS WUR нұсқасы бойынша 200 үздік университет қатарына кіру жөніндегі жол картасының орындалуы бойынша журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы атқарылған және жоспардағы жұмыстарын атап өтті. Елеулі жұмыстармен қатар факультет ұстаздары мен жас ғалымдардың ғылыми мақала жазудағы белсенділігін арттыру мәселесі де тілге тиек етілді. Сондай-ақ шетелдік университеттермен халықаралық байланысты тиімді жүзеге асыру да ұсынылды.

Факультеттерге қойылған талаптар мен жоспардың орындалуы бойынша, филология және әлем тілдері факультетінің деканы Өмірхан Әбдиманұлы да баяндама жасады. Факультет басшысының айтуынша, индикативтік жоспардың басым көпшілігі жоспар бойынша орындалуда. Соның ішінде қос дипломы білім беру мен студенттермен алмасу сынды сұрақтарды шетел филологиясы, орыс филологиясы және әлем әдебиеті кафедралары ойдағыдай шешіп отыр.

Сондай-ақ мәжіліс барысында оқытушылар мен қызметкерлердің жетістіктері хабарланып, марапаттау рәсімдері де орын алды. Атап өтсек, Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы тарапынан ЖОО оқытушыларының арасында ең үздік ғылыми шығармаларға жарияланған республикалық байқаудың нәтижесі бойынша «Ең үздік тарихи монографиялар» номинациясында Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы Жәніс Жомарт 1 дәрежелі диплома ие болды. Ал «Ең үздік ғылыми мақалалар» номинациясының жеңімпазы, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті Қалдыбай Қыдырбаевқа 1 дәрежелі диплом табыс етілді. Сондай-ақ молекулалық биология және генетика кафедрасының профессоры Бейбітгүл Жұмабаева, биотехнология кафедрасының менеджершісі Аида Қыстаубаева, биотехнология кафедрасының доценті Әлия Ерназаровалар «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне — 80 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

Басты мәселелер тыңдалғаннан кейін «Парасат» қызметкерлер кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев салауатты өмір салтын ұстанған ҚазҰУ-да тазалық байқауының өткізілетіндігін хабарлады.

Мұхтар СЕРЖАН

■ ФАКУЛЬТЕТ ТЫНЫСЫ

Зан факультетінде жуырда «ISO 9001:2015 және ISO 9001:2008 екеуінің айырмашылығы» тақырыбында 2015 жылғы ИСО 9000 нұсқадағы стандартқа өтуіне орай сапа менеджмент жүйесіндегі сұрақтарды талқылау мақсатында семинар-тренинг өткізілді. Аталмыш шараға «TQCSL (Kazakhstan)» Халықаралық сертификациялық органың Бас директоры Г.Р. Тұрдалиева, ҚазҰУ-дың Менеджменттік жүйе секторының жетекшісі Г.С. Минажева және факультет деканы Д.Л. Байдельдинов, кафедра меңгерушілері, олардың орынбасарлары мен аталған мәселе бойынша жауапты тұлғалар, сондай-ақ өзге де факультеттің өкілдері атсалысты. Шарада менеджмент сапасы талаптары кеңінен талқыланып, оқытушы-профессорлар құрамы кешендік сараптамаларға байланысты сұрақтарды жүзеге асыруға дайын екендіктерін жеткізді.

С.Ш. ДАУБАСОВА,
СМЖ бойынша жауапты тұлға

Жақында тарих, археология және этнология факультетінің «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 1-курс студенттерімен бірге «Болашақтың энергиясы» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

Шара барысында білімгерлер ЕХРО-2017 көрмесі жайында таныстырылымдар дайындап, көпшілік назарына ұсынды. Олар ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиялары және бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға болатындығы жайлы айтты. Сондай-ақ, жастар баламалы және «жасыл» энергетиканы өндіретін құрылғыларды әлем жұртшылығы, алдымен, біздің бас қалада тамашалайтындығын мақтан етті. Бүкіләлемдік маңызды шараға еліміздің жетекші оқу орны ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың өзіндік үлес қосатыны атап өтілді.

А.Р. ХАЛЕНОВА,
шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы

Прошла встреча студентов юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби с помощником прокурора Алматинской области по исполнительному производству, советником юстиции Кайратом Ермахановым.

Во время встречи К. Ермаханов подробно рассказал о деятельности и задачах органов прокуратуры. Он обратил внимание студентов на недопущение нарушений конституционных прав граждан, поведал о работе по противодействию терроризму, экстремизму и коррупции. Помощник прокурора также рассказал о требованиях предъявляемых для будущих прокуратуров и ответил на множество вопросов студентов. К. Ермаханов подчеркнул, что сегодня многие выпускники КазНУ им. аль-Фараби трудятся в органах прокуратуры, связав свою судьбу с благородным делом служения Закону.

А.Б. ШАРИПОВА,
к.ю.н., и.о. доцента кафедры
уголовного права,
уголовного процесса и криминалистики

Кафедра Дальнего Востока

КазНУ заключил договор о сотрудничестве с университетом Бунко Гакуин (Япония)



Активным началом данного уникального препарата является растительная субстанция с тем же названием «Лимонидин», полученная из корней растений вида кермек Гмелина (*Limonium gmelinii*), широко представленных в казахстанской флоре и введенных в Государственную Фармакопею Республики Казахстан. Субстанция представляет собой целебный комплекс биологически активных веществ, обуславливающих ее антимутагенную и гепатопротекторную активности и повышение анаболических процессов в организме. Результаты исследований, проведенных в Институте микробиологии

Ученые КазНУ разработали высокоэффективный лекарственный препарат в виде мази под названием «Лимонидин».

и вирусологии КН МОН РК, показали, что субстанция «Лимонидин» обладает значительной антивирусной активностью и более высоким уровнем подавления размножения вирусов гриппа и парагриппа по сравнению с препаратами «Амфотерицин В», «Оксолиновая мазь» и «Рибавирин».

В состав растительной субстанции входят наиболее эффективные в мире природные антиоксиданты в виде полифенольных соединений, витаминов (С и Е), микроэлементов, а также полного спектра природных α -аминокислот и важнейших полиненасыщенных (полиеновых) высших карбоновых кислот.

Клинические исследования мази «Лимонидин» были проведены в Научном центре акушерства, гинекологии и перинатологии РК, в научно-практическом центре дерматовенерологии и косметологии профессором З.Б. Кешелевой, на кафедре терапевтической стоматологии КазНМУ

им. С.Д. Асфендиярова. Мазь «Лимонидин» способствует быстрому очищению инфицированных ран кожи и слизистых оболочек, показана к применению при герпесе, трещинах сосков молочной железы, расхождении швов промежности, эрозивно-язвенных и язвенно-некротических процессов на слизистой полости рта, воспалительных и воспалительно-деструктивных заболеваний парадонта. Новая отечественная высоко-эффективная мазь «Лимонидин» благодаря антиэкссудативному эффекту купирует воспалительный процесс и ускоряет регенерацию очагов поражения, не оказывает общего и местного токсического эффекта, улучшает иммунный статус организма.

Субстанция и мазь «Лимонидин» зарегистрированы и рекомендованы Министерством Здравоохранения РК к применению в медицинской практике, введены в Государственный реестр лекарственных средств, разрешенных для применения на

территории Казахстана. В АО «Химфарм» осуществлен их промышленный выпуск. Вскоре оригинальная мазь «Лимонидин» поступит в аптеки города Алматы.

Следует отметить, что задача повышения доли отечественных лекарственных препаратов обозначена в качестве первоочередных приоритетов экономического развития страны. Преимуществом растительных лекарственных препаратов является их мягкое воздействие на организм и комплексность их терапевтического действия при отсутствии токсичности, кумулятивного эффекта, аллергических реакций и привыкания, что особенно важно в случае заболеваний, требующих длительного лечения. Совместимость растительных лекарственных средств с физиологическими антиоксидантными системами организма в силу их подобия способна целенаправленно индуцировать и мобилизовать его защитные ресурсы, что на практике реализует принцип «лечить организм, а не болезнь».

Г.Е. ЖУСУПОВА,

д.х.н., профессор кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров

Главный приз – ПОЕЗДКА В ЯПОНИЮ

В КазНУ прошел 19-й конкурс ораторского искусства по японскому языку, посвященный 25-летию установления дипломатических отношений между Казахстаном и Японией. Состязание для мастеров художественного слова проводится ежегодно с 1999 года.



Конкурс был организован КазНУ им. аль-Фараби совместно с Посольством Японии в Республике Казахстан, Казахстанской ассоциацией преподавателей японского языка, а также при поддержке Университета Цукуба, общественной организации «Тэракоя» и ТОО «New & Rare Resources». Партнерами и спонсорами выступили ассоциации японцев и японских бизнесменов в РК, Казахстанско-Японский центр развития человеческих ресурсов (КЯЦ) и японский фонд.

С приветственным словом выступил Чрезвычайный и Полномочный Посол Японии в Казахстане Кавабата Итиро. Проректор по учебной работе КазНУ Аскар Хикметов пожелал конкурсантам удачи. Все участники мероприятия почтили память жертв разрушительного землетрясения 11 марта 2011 года минутой молчания.

В состязании участвовали 15 сильнейших студентов КазНУ, ЕНУ, КазУМОиМЯ и слушатели КЯЦ. По итогам конкурса обладателем главного приза – поездки в Страну Восходящего Солнца стала студентка КЯЦ А.Мұканова. Студенты факультета востоковедения КазНУ, кафедры Дальнего Востока удостоились почетных призовых мест.

Так, М.Умешова поборолась за II, А.Скатов за III, С.Бекжанова – IV, А.Алимбетова – V, М.Бакытжан – VI места в конкурсе ораторского искусства. Участники, занявшие первые 4 места, выиграли билеты на 21-й Центральноазиатский конкурс ораторского искусства по японскому языку, который пройдет 29 апреля в Кыргызской Республике.

Приятным подарком стала церемония награждения специальным призом им. Батырхана Курмансейт студентки КазНУ С.Бекжановой. Б.Курмансейт является выпускником факультета востоковедения, представителем Японского международного совета по дружескому обмену (FEC) в Казахстане. В студенческие годы он активно участвовал в конкурсах ораторского искусства и многократно занимал первые места в Казахстане, Центральной Азии и в Москве среди стран СНГ, дважды выиграл японский конкурс ораторского искусства среди иностранных дипломатов в Японии.

М.Т. ШАДАЕВА,

заведующая отделением японоведения
кафедры Дальнего Востока

ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВҚА АРНАЛҒАН ЖИЫН

Белгілі қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Тәжібайұлы Тәжібаевтың туылған күніне орай философия және саясаттану факультетінде педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы мен Т. Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Академик Т.Т. Тәжібаев және Қазақстандағы қазіргі педагогика және психология ғылымы» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция болып өтті.

Т. Тәжібаев – ұлттық мүдденің жанашыры бола білген, отандық педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлес қосқан, өзінің ізін басар ғалымдарды тәрбиелеген айтулы тұлға. Ол республиканың Сыртқы істер министрлігін басқарып, 1944-1947 жылдар аралығында С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың ректоры қызметін атқарған. Жауапты қызметтерді білгірлікпен басқарған ғалым педагогика және психология кафедрасына да жетекшілік еткен болатын.

Ол 1939 жылы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «К.Д. Ушинский – Ресейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы» деген тақырыпта ғылыми диссертациясын

Т. Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология орталық жемісті жұмыс істеп келеді. Аталған орталықтың мұрындық болуымен жыл сайын «Тәжібаев окулары» мен ғылыми-әдістемелік конференцияны өткізу игі дәстүрге айналып отыр. Биылғы шараға Қ.Б. Жарықбаев, С.Ғ. Ғаббасов, Ж.Ж. Молдабеков, Ш.Т. Таубаева, Ә.Р. Масалимова, К.С. Құдайбергенова, А.Т. Акажанова, З.Б. Мадалиева, А.Ә. Булатбаева, М.Ә. Перленбетов, Ж.О. Байғазы, Ж.С. Сейтнұр т.б. педагогика және психология саласының ғалымдары атсалысып, ғалымның өмір жолы мен ғылыми еңбектері туралы өздерінің ой-пікірлерін ортаға салды. Конференция барысында Т.Тәжібаевтың шәкірті Ж. Түрік-



ойдағыдай қорғайды. Ал 1962 жылы педагогика ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін Ленинград педагогикалық институтында «XIX ғасырдың II жартысында Қазақстанда халық ағарту ісі, мектеп пен педагогикалық пікірдің дамуы» тақырыбына диссертация жазып шықты.

Белгілі тұлғаның ел дамуындағы еңбегін ескере отырып, 2016 жылы университет ректоры Ғ.М. Мұтановтың басқаруымен «Қазақ университеті» баспасынан Өнегелі өмір сериясымен «Төлеген Тәжібаев» атты кітап жарық көрді. Бұл кітапта ғалымның өмір жолы, ғылыми еңбектері мен қызметі кеңінен баяндалған. Сондай-ақ университетте

пенұлы ғалымның өнегелі өмірінен естеліктер айтса, композитор Ә.Телғазиев, жазушы-журналист М. Жакыпов, С. Тойкиев, музыка зерттеушісі, профессор П. Момынұлы Т. Тәжібаевтың еңбектерін әлі де зерттеп, жастарға насихаттау мәселелері туралы өзіндік пікірлерін білдірді. Жылдан-жылға аясы кеңіп, еліміздегі педагогика мен психология саласы мамандарының басын қосқан шара биыл да жоғары деңгейде аталып өтті.

Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА,

Т. Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология орталығының директоры, пед.ғ.к.

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА БАҒДАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы елімізде, соның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қызу талқылануда.

Елбасы кезекті Жолдауын «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп атады. Мұндағы басымдықтардың ішінде білім беру саласы қызметкерлері үшін «Төртінші басымдық — адами капитал сапасын жақсартудың» алар орны ерекше.

«Бірінші. Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз — білім беру беруді экономикалық өсудің жана моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшықтығын азайту қажет» — деген Елбасы сөздері біз үшін болашаққа бағдар болып табылады. Ең басты мына мәселелерге назар аударуымыз тиіс: қала мен ауыл арасындағы білім беру сапасындағы алшақтық — заманауи технологиялармен жабдықталып, компьютерлендірумен бірге, жас мамандарды тарту, тұрақтандырудың қажеттілігі зор. Бұл бірінші кезекте ағылшын тілін оқытатын мұғалімдерді әзірлеуге байланысты. Елбасы Үкіметке тапсырылған тиісті ұсыныстардың бірі — үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі

бойынша ұсыныстар әзірлеу. Әрине, бұған бірден науқаншылдықпен кірісу қателікке ұрындырады. Бұл үшін арнайы тәжірибе жасалып, ең тиімдісі қолға алынса дер едік. Халықтың көпшілігін алаңдататын мәселе — ана тілі жайы. Президент осыған қатысты: «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді», — деп баса айтты. Әрине, оны одан әрі дамытудың басты негізі қазақ тілі пәндерін тереңдетіп оқыту, сапалы жана оқу құралдарымен қамтамасыз ету дер едік.

Жолдаудағы «2019 жылдан бастап 10-11 сыныптарда кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқытатын боламыз. Бұл мәселені тиянақты ойланып, ақылмен шешу қажет. Мектептердің және мұғалімдердің деңгейі, әсіресе, ауыл мен қалада әртүрлі. Білікті педагогтардың жетіспеу проблемасы да бар» деген ұсыныс та баршамызға ой салды. Елбасы айтқандай, алдымен ағылшын — қазақ тілін меңгерген мамандарды әзірлеп алғанымыз абзал. Қазақстандағы барша халықтар үшін бастысы мемлекеттік тіл болып, өз рөлін күшейте бергені дұрыс. Бұл міндетке баршамыз мүдделі әрі жауаптымыз.

Әнуар ТАРАҚОВ,
шетел филологиясы және аударма ісі
кафедрасының профессоры, фил.ғ.д.



ПРИОРИТЕТНАЯ ЗАДАЧА

По мнению коллектива Высшей школы экономики и бизнеса (ВШЭБ) КазНУ им. аль-Фараби, нынешнее Послание Елбасы является посвоему особенным, так как определенановая казахстанская модель экономического роста, обеспечивающая глобальную конкурентоспособность страны, где основным инструментом для реализации вышеуказанной модели является развитие традиционных базовых отраслей экономики: промышленность, АПК, строительство, а также транспорт и логистика.

Как верно отметил Президент, «для полного раскрытия транспортного и транзитного потенциала страны нужна координация с соседними странами, обеспечение свободного транзита грузов, создание и модернизация транспортных коридоров. Особое внимание нужно уделить управлению транспортной инфраструктурой, повышению уровня сервиса и устранению административных барьеров».

Как логисты мы осознаем влияние увеличения объемов товародвижения, грузовых потоков, в том числе транзитных на рост экономики Казахстана и зарубежных стран. Безусловно, развитие логистической инфраструктуры и её потенциала в Казахстане является важным приоритетом глобальной конкурентоспособности, поскольку в настоящее время в мире наблюдается появление международных логистических систем, порождённых глобализацией мировой торговли и международных экономических отношений.

Одним из важных приоритетов в Послании Президента РК является выполнение задачи развития международных логистических связей, в частности, новой евразийской логистической инфраструктуры.

Основные стратегические задачи, имеющие первостепенную важность в международном масштабе, были обозначены Президентом в программе «Нұрлы Жол», которая, по словам Главы государства, за прошедшие два года полностью себя оправдала. Кроме того, в 2017 г. будет охвачено работами по строительству и реконструкции 4 400 километров автодорог республиканского значения. Из них до конца года будет введено не менее 600 километров с поэтапным внедрением платности.

Для эффективной координации с соседними государствами необходимо полное раскрытие и использование транспортного и транзитного потенциала Казахстана.

Таким образом, к решению поставленных Президентом РК в своем Послании народу Казахстана задач необходимо подходить консолидировано, с тщательной проработкой и решением вопросов развития логистической инфраструктуры, при этом одновременно с использованием имеющегося в нашей стране высокого транспортного потенциала.

Е.С. МУХТАР,
преподаватель кафедры
менеджмента и маркетинга

23 наурыз – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МЕТЕОРОЛОГТАР КҮНІ

Бұл күн бұрынғы Халықаралық метеорологиялық ұйым орнына құрылған Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ДМҰ) конвенциясының күшіне енуіне байланысты белгіленген. ДМҰ 185 мемлекетті біріктіретін Біріккен ұлттар ұйымының арнайы үкіметаралық құрылымы болып табылады. ДМҰ атқарушы кеңесі Дүниежүзілік метеорология күнін атап өту үшін жыл сайын белгілі бір тақырыпты таңдап алып, соның аясында әртүрлі іс-шараларды өткізуді қолға алған. ДМҰ бас хатшысы Жарроның жолдауында, 2015 жылдың метеорологиялық күнін атап өту үшін «Климат бойынша әрекет ету – климат туралы білімнің негізі» тақырыбы таңдалып алынған. Бүгінде халықаралық бірлестік климаттың өзгеруімен күресте батыл шешімдерге және үлкен масштабты шараларды қабылдау бағытында әрекет етуде.



ақпараттарды тұтынушылар. Бұл ауыл және су шаруашылығы, авиация, темір жол және автомобиль транспорты, отын-энергетикалық кешен, құрылыс және коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, қаржы саласы, қорғаныс, тұрғындар, төтенше жағдайлармен күрес қызметі және т.б. Қазақстанда Қазгидромет бұл бақылаулардың ғаламды жүйесі болып табылады. Оның қызметінің негізі 1922 жылдың қантарында қаланған. Қазіргі таңда бұл ұйым — Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің ірі ғылыми-өндірістік кәсіпорыны. ҚР Үкіметі 1999 жылдың 2 наурызындағы №185 Қаулысымен оған республикалық мемлекеттік кәсіпорын — «Қазгидромет» мәртебесін берді. Бүгінгі күні «Қазгидромет» РМК құрамына Қазақстан Республикасы әр облысының және Алматы мен Астана қалаларының 14 еншілес

мемлекеттік кәсіпорындары кіреді. Елімізде 287 метеостанса бар, оның 65-і халықаралық мәртебеге ие және ғаламдық желіге кіреді. Осы стансаларда бақыланған ауа-райы әлемдік дерек орталығына беріледі.

«Қазгидромет» РМК 190 мемлекеттің қызметімен бірге ДМҰ-ның құрамына кіреді және БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі болып табылады. Бұл мекеме — күндіз-түні гидрометеорологиялық құбылыстарға мониторинг жасайды, яғни бақылайды, талдайды, болжайды, қауіпті әрі апатты табиғат құбылыстарына дауылды ескертулер жасайды, сонымен қатар кез келген ұйымды ресми ақпаратпен қамтамасыз ететін құқылы заңды орган болып табылады.

Соңғы он жылда жиналған статистикаға сүйенсек, барлық табиғи апаттың 80%-ы

ауа райымен байланысты екен. Сондықтан метеорологтар қызметінің біліктілігі көбінесе қауіпті жағдайды болдырмау және уақытында табиғи апаттың салдарынан халықты қорғауда болып табылады.

Ал осы метеоролог мамандарды даярлайтын республикадағы жалғыз кафедра әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі метеорология және гидрология кафедрасы болып табылады.

Метеорология кафедрасы 1961 жылдың 1 қыркүйегінде ашылды. Кафедраның алғашқы меңгерушісі ф-м.ғ.к., доц. З.П. Коженкова болды. «Метеорология» мамандығына алғашқы студенттерді қабылдау 1961 жылы басталды, ал 1965 жылы алғашқы инженер-метеорологтар түлегі бітірді.

«Қазақстан — 2050» даму стратегиясына сәйкес метеорология және гидрология кафедрасының заманауи даму стратегиясы жана мәліметтік технологияларды тиімді қолдану негізінде оқу үдерісін ғылыми зерттеулермен интеграциялауды тереңдетуге негізделген. Бұл заманауи еңбек нарығына бейімделген метеоролог және гидролог мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Белгіленген бұл мереке — қызықты да, өте күрделі мамандықты таңдаған адамдарға деген құрмет әрі ризашылық белгісі. Дүниежүзілік метеорология күнін тойлау — «Қазгидрометтің» және қазақстандық гидрометеорологтардың мәртебесін жоғарылатуға мүмкіндік туғызу.

Ғайни СҮЛЕЙМЕНОВА,
метеорология және гидрология кафедрасының
аға оқытушысы

Еңемен юридической науки

Доктор юридических наук, профессор, академик Национальной академии естественных наук Республики Казахстан, заслуженный юрист Казахстана, полковник юстиции Зиркан Омарович Ашитов родился в ауле Жана-Аттаныс Актогайского района Павлодарской области в семье крестьянина- бедняка. Отец Ашит ушел из жизни, когда его младшему сыну Заиркану было всего два года, оставив малолетнего сироту, которого воспитала и вырастила неграмотная, но умная и энергичная мать – Шамен.

Заиркан учился в Кичирской средней школе Павлодарской области на отлично. В феврале 1942 года, не окончив 10 классов, был призван в Советскую Армию. С этого времени началась его боевая служба и трудовая деятельность.

Прочувшись около 5 месяцев в Алматинском военно-пехотном училище, в августе 1942 года З. Ашитов был уже на передовой, стрелком 19 Гвардейской стрелковой дивизии Волховского фронта под Ленинградом.

В ожесточенных боях на Ленинград был ранен и отправлен на лечение в госпитал № 3103. После лечения Ашитов направляется на прифронтовые курсы младших лейтенантов. 11 марта 1943 года ему было присвоено первое офицерское звание — младший лейтенант и он продолжил боевую службу на Волховском и Ленинградских фронтах. Ашитов участвовал в прорыве блокады Ленинграда, за что был награжден орденом «Красной звезды», медалью «За оборону Ленинграда». Заирхан Омарович командуя минометным взводом, участвовал также в боях за освобождение столицы Эстонии — Таллина.

После окончания войны, Ашитов поступает в Военно-юридическую академию Советской Армии и Военно-морского флота в Москве,

где на одно место претендовали 33 офицера. Из 4000 желающих приняли только 125 человек.

В 1952 году, после успешного окончания Военно-юридической академии З. Ашитов был избран Президиумом Верховного Совета СССР членом Военного трибунала Министерства государственной безопасности Казахской ССР.

Самоотверженный труд З. Ашитова был высоко оценен Правительством и Верховным судом СССР: он отмечался как лучший военный судья военных трибуналов Советской Армии.

Плодотворная судебная деятельность отчасти объясняется тем, что он успешно сочетал практическую деятельность с научной. В 1973 году он впервые и единственный из военных юристов за все время существования военных трибуналов и военных прокуратур Вооруженных сил ССР без отрыва от практической работы защитил докторскую диссертацию на тему: «Основные проблемы теории и практики борьбы воинскими преступлениями». Заирхан Омарович одним из первых в СССР глубоко и обстоятельно раскрыл причины воинских преступлений в Армии и условия, способствующие совершению воинских преступлений, и разработал всесторонние меры борьбы с ними.

Ашитовым опубликованы более 120 научных трудов, в том числе 16 книг, монографий, учебных пособий для юридических ВУЗов: «Советское право», «Проблемы квалификации воинских преступлений», «Право суверенного Казахстана», «Егемен Казакстанның құқы», «Уголовное Право Республики Казахстан. Общая и Особенная части - курс лекций» и др.

В 1976 году по приглашению министра МВД СССР З. Ашитов продолжает службу заместителем начальника Карагандинской высшей школы МВД СССР по научной работе. Его деятельность в этой школе была высоко оценена и 16 марта 1979 года Высшей аттестационной комиссией при Совете Министров СССР ему досрочно было присвоено звание ученого профессора.

За добросовестный труд в 1988 году он был удостоен благодарности министра МВД Казахской ССР генерал-лейтенанта внутренней службы Г.Князева, а в 1995 году благодарственным письмом министра Внутренних дел РК генерал - лейтенанта Б. Баекенова.

С 1997 года по настоящее время — профессор кафедры права, истории и международных отношений университета «Кайнар».

Одновременно он долгие годы по совместительству работал на кафедре уголовного права, криминологии КазНУ им. аль-Фараби. Более 10 лет З. Ашитов был членом диссертационных советов на соискание ученых степеней доктора и кандидата юридических наук при КазНУ им. аль-Фараби. Несмотря на преклонный возраст Заирхан Омарович до сих пор неустанно преподает свой любимый предмет уголовное право будущим специалистам юриспруденции Казахстана.



Стаж работы профессора З. Ашитова в Вооруженных Силах СССР, Министерстве внутренних дел СССР и Казахской ССР, в ВУЗах РК свыше 80 лет.

Заирхан Омарович — это человек, который всегда помнит слова Шекспира:

*Покой мне чужд, должен за целью
ускользающей гнаться.*

*И лишь тогда мне наслаждение жизнь,
Когда в борьбе проходит каждый день.*

А.Н. АГЫБАЕВ,
доктор юридических наук, профессор,
заслуженный деятель РК

Сапа Василий Антонович, родился 14 января 1922 года в с. Успенковка Кустанайской области. В 1939 году В.А. Сапа после окончания средней школы №14 г. Алма-Аты поступил на физико-математический факультет Казахского государственного университета им. С.М. Кирова.

В 1941 году Василий Антонович был призван в ряды Советской Армии и после окончания Алма-Атинского военного училища в звании лейтенанта в 1942 году был направлен на фронт. Доблестный путь, пройденный за годы войны, был отмечен боевыми наградами: орденами «Красного Знамени» и «Отечественной войны I степени», медалями СССР: «За отвагу», «За оборону Сталинграда». «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.» и др. В боях при форсировании Днестра Василий Антонович был тяжело ранен, и возвращается в 1945 году в Алма-Ату.

Несмотря на предупреждение хирурга, возобновляет учебу в университете, оканчивает в 1948 году с отличием физико-математический факультет и его оставляют на кафедре теоретической механики и физики в качестве ассистента. 1953 год — успешная защита диссертации на соискание ученой степени кандидата физико-математических наук и в 1955 году — присвоение ученого звания доцента

Жизнь, достойная подражания

по кафедре теоретической механики. В 1964 году новый успех — защита диссертации на соискание ученой степени доктора физико-математических наук. В 1967 году ему было присвоено учено звание профессора. С 1982 по 1992 годы — заведующий кафедрой теоретической механики.

Педагогической деятельности В.А. Сапа может быть дана самая высокая оценка: все виды учебных занятий проводились им на современном научном уровне с большим педагогическим мастерством. Одновременно с плодотворной педагогической деятельностью В.Сапа проводил научно-исследовательскую работу по широкому кругу современных проблем теоретической механики. Круг научных интересов профессора охватывает проблемы внешней баллистики, механики систем переменного состава.

Он особое внимание уделял работам по изучению движения твердого тела переменной массы, имеющего одну закрепленную точку. Им введено понятие гидростата, как гироскопа с присоединенным принужденным моментом количества движения, что в значительной мере упрощает вывод дифференциальных уравнений движения гидростата.



В ряде работ им было изучено оскулирующее движение проводящего искусственного спутника в поле притягивающего центра, обладающего некоторым магнитным полем.

Развивая идеи академика К.П. Персидского, Василий Антонович внес большой вклад в развитие теории устойчивости движения сложных механических систем. Большинство результатов, полученных В. Сапа, имеют фундаментальное и прикладное значения.

Под руководством В. Сапа более пятидесяти его учеников защитили кандидатские диссертации.

За успехи в подготовке научно-педагогических кадров профессору В. Сапа было присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки и техники Казахской ССР» и был награжден орденом Трудового Красного Знамени. В 1989 году профессор был избран членом-корреспондентом АН КазССР.

В молодости, рискуя многим, он выбрал дело, которое стало смыслом всей его жизни. Вопреки приговору врачей-хирургов он избрал тернистый путь науки. И напряженная научная работа привела его к вершинам познания и педагогического мастерства, сделала его жизнь достойной подражания для молодежи.

Г.Б. ШЕРЬЯЗДАНОВ,
доктор физико-математических наук,
профессор кафедры механики

**Қазақстан мен Жапония дипломатиялық қарым-қатынасының
25 жылдығына орай жапон тілінен 19-шешендік өнер сайысы өтті**

ЕТ ОРНЫНА



Баян ЕРМЕКБАЕВА,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ
МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ ҮШІН НЕ
ІСТЕУ КЕРЕК?

—22 Наурыз — күн мен түн теңеліп, жаңа жылдың басталатын күні. Бұл —көктем мерекесі, жанарудың, жаңғырудың бастамасы. Наурыз мерекесі біз үшін атадан қалған мұра. Ата-бабаларымыз осы күні үстіне бар жақсысын киіп, отбасымен дастархан басына жиналған. Бір-біріне ізгі тілектерін айтып, арқа-жарқа қуанышка бөленген. Сонымен қатар Наурыз мерекесі — ағайын-туыс, көптен көрмеген құда-жекжаттармен қауышып, бір-біріне ренжіген болса, кешірім сұрап, татуласатын ынтымақ, бірлік мерекесі. Бұл мереке — рухани тазарумен қатар ағаш егіп, төніректі тазалап жанарудың күні.

Егеменді ел болғалы бері Қазақстан халқы да Наурызды жалпыхалықтық мереке ретінде тойлап келеді. Халқымыздың салт-дәстүрін қадірлейтін, ұлттық құндылықтарын атадан балаға мұра етіп қалдырам деген әрбір қазақстандық Наурыз мерекесін тойлауды өз отбасынан бастауы керек деп ойлаймын. Наурыздың мәні де, сәні де, мәртебесінің үстем болуы да өзімізге байланысты.

Бірлік, ынтымық, береке болса, әрқайсымыз бақытты боламыз!
Баршанызды Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жылда баршанызға бақыт, табыс, береке, ынтымақ тілеймін!

ТҰЗ ОРНЫНА

Есбол ӨМІРЖАНОВ,
халықаралық құқық кафедрасының доценті

БҮГІНГІ ТАҢДА
НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ
ХАЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

—Наурыз мерекесі қарсаңында жыл сайын еліміздің барлық аймақтарында дерлік бір ай көлемінде мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып, тұрғындарға жақсы көңіл-күй мен дәстүрлідастархан ұсынылады. Наурыз мерекесі түбі бір түркі халықтарына ортақ мереке болғандықтан, еліміздегі әртүрлі түркі тілдес ұлттар мен ұлыстар өкілдері бұл мерекені барынша қызықты да көңілді етіп өткізуге тырысады. Наурыз мерекесі тек жаңа жыл бастауы ғана емес, адамдардың бір-біріне мейірім сыйлап, өкпе-реніштерін ұмытып, кешірім беретін мейрам. Бұл мерекеге түркі тілдес ұлттар мен ұлыстардан өзге этнос өкілдері де аса құрметпен қарап, оны мерекелеуге белсенді түрде атсалысады.

Ислам діні келместен бұрын Орта Азияда және өзге де елдерде кең таралған Наурыз мерекесі жыл бастауы болып есептелген. Тіпті ислам діні мемлекеттік дін ретінде орнықтырылған соң да түркі тілдес халықтар Наурыз мерекесін тойлауды жалғастыра берген. Тек кеңестік кезеңде Наурыз бұрынғы маңыздылығын жоғалтса да жекелеген адамдар оны жасырын тойлаған. Тек Тәуелсіздік қарсаңында Наурыздың еліміз үшін маңызына көңіл бөлініп, оны қайта жаңғырту қолға алына бастаған еді.

Жалпы, қазіргі таңда Наурыз мерекесі жаңа жыл жаршысы, жыл бастауы ретінде халқымыздың санасына мықтап сіңірілді. Жыл сайын елімізде Наурыз мейрамына мемлекет тарапынан арнайы демалыс жарияланып, күнтізбеде мемлекеттік мереке ретінде белгіленеді. Наурыздың маңызы жыл сайын артуына оған қатысты жалпы қазақстандықтардың пікірінің оң болып, мерекені біріге



ҰН ОРНЫНА



Айман БОРАНБАЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы


НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ШЫҒЫС
ХАЛЫҚТАРЫНДА ҚАЛАЙ ТОЙЛАНАДЫ?

—Наурыз мерекесі негізінен парсы мәдениеті мен мемлекетінің саяси-мәдени ықпалында болған Алдыңғы Азия мен Орталық Азия халықтары арасында кең таралған. Мереке 2009 жылы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізіліп, сол жылдан бастап 21-наурыз халықаралық Наурыз күні болып белгіленді.
Бұл күн Иран мен Ауғанстанда ресми күнтізбе бойынша жылдың басы болып саналса, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Қазақстан, Әзірбайжан, Түркия, Албания елдерінде ресми мереке болып табылады. Сондай-ақ Наурыз мерекесі Ресейдің Башқортстан, Татарстан, Дағыстан республикаларында, Қытай мен Моңғолияның солтүстік-батысында, Ирактың Күрдістан аймағында және Үндістанның кейбір аймақтарында тойланады.

Наурыз басталмас бұрын қандай дайындықтар жасалады? Ата-бабаларымыз бұл мерекені «Ұлыстың ұлы күні» деп атап, ерекше дайындалғаны белгілі. Көше мен ауланы, үйдің ішін кір-қоқыстан тазалаған, жас көшеттер еккен.

Иранда халық Наурыз басталмас бұрын моншаға барады, үй-жайларын толығымен тазалайды, ыдысқа бидайды көктетеді, күміс, мыс ыдыстарды тазалайды, жаңа киімдер сатып алады. Ыдысқа бидайды көктету дәстүрі өзбек, тәжік, түркімен, әзірбайжандар арасында да таралған. Иранның Мазендеран аймағының кейбір қалаларында Хаджи Фируз немесе Ноурузхан, Әзірбайжанда

«Қазақ университеті»
«Наурыз»



тойлауға ұмтылысы да жағымды әсер етуде.

Наурыз мерекесін дәстүрлі наурыз көжесіз елестету мүмкін емес, наурыз көже қазақтың сенімінде жыл басына жеткеніне, жасына жас қосылғанына тәубе етіп, тілеу тілеп ішілетін ас. Сондықтан да кей аймақтарда наурыз көжені «тілеу көже» деп те атайды. Наурыз көже әр үйде жасалынып, әр күні кезек-кезекпен берілген, осылайша жақын орналасқан ауыл тұрғындары бір-бірін жана жылдың келуімен құттықтап, амандық тілесіп, бірігіп ас ішкен. Осы себептен де болар, Наурыз мерекесі бір ай көлемінде тойланатын болған.

Қазіргі кезде халықтың өмір салты мен тұрмыс-тіршілігі өзгергендіктен, мемлекет деңгейінде Наурыз мерекесін тойлауға ресми түрде үш күн беріледі. Мұның өзі мемлекет тарапынан Наурыз мерекесіне үлкен көңіл бөліп отырғандығынан хабар береді. Жалпылама мерекелік іс-шаралар аталған күндері өткізілгенімен, халық арасында Наурызды тойлау әлі де бір ай көлемінде жалғасын тауып жатады. Наурыздың бүгінгі күні жалпы халықтық мереке сипатына енуі оның жалпы халықтың басын біріктіретін мерекеге айналғанын көрсетеді. Наурыз мерекесі арқылы қазақтың ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүрлері, ұлттық тағамдары насихатталады. Осы арқылы да өзге ұлт өкілдерінің қазақи құндылықтарға етене жақындасуына жол ашылады. Наурыздың халық өмірінде рөлін арттыру арқылы оның ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің арасындағы татулық пен бірлік мерекесі ретіндегі орнын ары қарай да ұлғайта беру қажет.

Сайачи, Ғазвинде Ноурузнасер секілді Наурыз кейіпкерлері арнайы қызыллы-жасылды киімдер мен бастарына шашақты биік бас киім киіп, Наурызды мадақтаған өлеңдер оқып, ән салып, би билеп, халықты көңіл көтеруге шақырып, жаңа жылдың жақындағанынан сүйінші әкеледі.

Наурыз күн мен түн теңескен сәттен, яғни жердің күнді 365 күнде айналып біткен сәтінен, нақты сағат, минут пен секундтан басталады. Сондықтан Иран мен Ауғанстанда жаңа жылдың басталу уақытын ғалымдар алдын ала есептеп шығарып, халыққа жариялайды.

Наурыз күні халқымыз жеті тағамнан жасалған арнайы Наурыз көжені дайындаса, өзбек халқы арнайы Сумалак тамағын дайындайды. Бұл ас өндірілген бидайдан әзірленеді. Ал Иранда жаңа жыл күні арнайы «һәфт син (жеті син)» дастарханы жасалады. Бұл дастарханға сәмәну (өндірілген бидайдан жасалған тағам), сиб (алма), сәбзи (көк шөп), сомағ (сұмақ), сәнджед (жиде), серке (сірке суы), сир (сарымсақ) секілді «син» әрпімен басталатын жеті нәрсе қойылады. Сол себептен бұл дастархан «жеті син дастарханы» деп аталады. Бұл дастарханға сондай-ақ қасиетті Құран кітабы, боялған жұмыртқа, кеседегі суға салынған грейпфрут, айна, нарцисс гүлі, жағылған шырақ, аквариумдағы қызыл тірі балық, гүл суы, тәттілер мен жемістер де қойылады. Олар жаңа жыл басталған сәтте осы дастархан басында отырады да, жыл басталған сәтте жасы кіші отбасы мүшелері үлкендердің қолдарын сүйеді. Отағасы оларға сыйлыққа ақша береді. Бәрі бірге дұға жасап, Құдайдан келесі жылды аман-есен қуанышпен өткізулерін сұрайды.

Келесі күні жаңа жылдық көрісулер басталады. Жасы кішілер жасы үлкендердің үйлеріне барып, оларды құшақтап, беті-қолдарынан сүйіп, жаңа жылмен құттықтайды. Жемістер мен тәттілерден дәм татып, кейде сыйлық та алады. Құдаласып қойған жандар болашақ келіндері немесе керісінше күйеу баларына сыйлық жібереді. Бұл күндері қаралы үйлерге барады, шиғалардың он екі имамдары ұрпақтары қабірлерінің басына зиярат жасайды. Бұл көрісулер он екі күнге созылады. Жақын адамдар бұл күндері көрісіп, егер араларында реніш болса, ұмытуға тырысады. Қазақстанның батыс аймақтары мен Ресейдің көршілес аймақтарында мекендейтін Кіші жүз қазақтарында да осы ежелгі көрісу дәстүрі сақталып қалған. Бірақ батыс қазақтары көрісуді 14-наурызда бастап, оны «амал» (һамал айының атауынан шыққан) деп атайды. Қазақ халқы да бұл күндері бір-біріне деген өкпе-реніштерін ұмытып, ренжіткен адамдарды кешіреді. Осылайша, Наурыз жылдың басы, жақсылықтың символы, жылу мен қуаныштың бастауы, өкпе-реніштің ұмытылатын күні болып табылады.

«төті» газетінің көжесі»

Мейрамы шығыс әлемінде ғана емес, шеңберінде тойланып келеді. БҰҰ «Халықаралық», 21 наурыз күнін әлемдік мереке ретінде белгілеп, еттің мерекесі ретінде ғана емес, өлігі екенін әлем алдында айшықтап берді. университеті жыл сайын өзіндік сән-салтанатымен, зор қан жайып, ерекше көңіл-күймен, жақсы ниетпен қарсы алы болады деген сенімді білдіреді. ҚазҰУ-дың Ұлыстың ттыруда талайларға үлгі болар өнегесі көп. емес, ынтымақ пен достықтың, береке мен бірліктің, Ал бұл халықаралық мейрамның ең бір есте қалатын «Қазақ университеті» газеті жыл сайын дәстүрлі түрде ейтініміздің себебі, осы дәмге қосылуы тиіс жеті түрлі ын ұсынып отырмыз. Ал оны санада қорытып, нның еншісінде.

ДӘМДЕУІШ ОРНЫНА



Меруерт ЕГІЗБАЕВА,

археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАРИХЫ ЖАЙЛЫ НЕ АЙТАСЫЗ?

—Наурыз — жер бетіндегі ең көне мейрамдардың бірі. Тарихы өте ерте кезеңдерден басталады. «Наурыз» мерекесі барлық Алдыңғы және Орта Азия, кейбір деректерде шығыс славян халықтарына ортақ мейрам болған. Ғалымдардың зерттеулері бойынша, наурыз мерекесі бес мың жылдан бері тойланып келе жатыр. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі. Шығыс күнтізбесі бойынша наурыз иран халқының күн мен түннің теңесуі, қыстың кетіп, көктемнің келуін мерекелейтін жаңа жылына сәйкес келеді. Біртіндеп бұл мерекені қазақ, ұйғыр, өзбек сияқты түркі халықтары да тойлай бастаған. «Наурыз» сөзі алғаш рет біздің эрамыздың II ғасырындағы парсы деректерінде кездеседі. Алайда, мерекенің өзі шамамен б.з.д. 648-330 жылдары Ахеменидтер династиясы кезеңінен бастап тойлана бастаған. Осы Ахеменидтер кезеңінде наурыз зороастризмнің ресми мерекесі болып қалыптасты. Жалпы оның шығу тарихына байланысты мәліметтер әр түрлі әрі нақтысы жоқ. Мәселен, «Шахнаме» поэмасында Наурыздың тойлануы Жамшид шахтың патшалығы тұсында басталды деген дерек бар.

Иран мифологиясында Сиявуш батырдың қайтыс болған күні «Наурыз» деп атала бастайды деген мәлімет те кездеседі. Бұл аңыз Авестада жазылған. Мерекені өткізу барысында анимистикалық элементтер де кездеседі. Араб жаулаушылары келгенше Иранның ресми діні болған зороастризмді ұстанушылар осы күні «ата-аба рухына тағзым еткен».

Наурыз мерекесі XVIII ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген мәліметтер бар.

Қорыта айтқанда, Наурыз мерекесі барлық түркі халықтарына тән. Ескі жылды шығарып, жаңа жылды қарсы алу, күн мен түннің теңесуін тойлайтын Ұлыстың ұлы күні.

ҚАТЫҚ ОРНЫНА

Шұғыла БҮРЛІБАЕВА,

«Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы

ЕЖЕЛДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН 21 НАУРЫЗ — ҒАШЫҚТАР КҮНІН ЖАСТАР АРАСЫНДА НАСИХАТТАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК ДЕП ОЙЛАЙСЫЗ?

—22 Наурыз қазақ халқы үшін ұлық мереке — Ұлыстың ұлы күні. Осы мейрамда біздің ата-баба салты ерекше насихатталуы, елеп-ескерілуі тиіс. Қыздар мен жігіттер Наурыз қарсаңында бір-біріне «Ұйқыашар» мен «Селтеткізер» жасап, сезімдерін білдірер болса, қандай керемет. Ертеден келе жатқан Ғашықтар күнін заманға сай қайта жаңғыртудың ұлттық мүдде тұрғысынан маңызы зор деп ойлаймын. Бұл күнді жастар арасында насихаттау үшін БАҚ беттерінде көбірек жазып, санаға сіңіре беру керек. Әрі осы күнге арналған кездесулер, бауқаулар, тағы басқа шаралар ұйымдастыру да оның жастар арасында кеңінен таралуына ықпал етер еді. Дәстүрге сай әрбір сыйлықты қыз бала өз қолымен жасағаны дұрыс болар еді. Осындай игі бастаманы өзіміз бастап, жастар арасында кеңінен таратсақ, жыл сайын дәстүрлі түрде жалғасын тауып отырады деген сенімдемін.

ДӘНДІ-ДАҚЫЛ ОРНЫНА



Арықбай АҒЫБАЕВ,

заң факультетінің профессоры

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҰСЫНЫСТАР АЙТАР ЕДІҢІЗ?

—Қазақстандықтардың жыл сайын асыға күтетін мерекесі — 22 Наурыз. Наурыз — орны ерекше, қайталанбайтын ұлы мереке. Наурыз — жыл басы, алда атқарылар ұлы істердің бастамасы.

Наурыз — көп ұлтты Қазақстанның халқын біріктіретін, татулығын арттыратын ұлы мереке. Наурыз — күн мен түннің теңеліп, көктемнің нұрын әкелген, жердің сәнін келтірген, адамзаттың көңілін көтеріп, жер бетін ән-күйге бөлеген айтулы мереке.

Халық өміріндегі тамаша мерекенің маңыздылығын арттыру үшін Наурыз күні еңбегімен елге танылған азаматтарға мемлекеттік марапаттауларды тапсыратын шараларды жүзеге асырсақ дұрыс болар еді. Сонымен қатар осы күні көп балалы әйелдерге қолдау ретінде түрлі шараларды ұйымдастырса деген ойдамын. Әрбір ұжым, мекеме, кәсіпорын өнегелі еңбегімен көзге түскен тұлғалардың ғибратты өмірін ел-жұртқа үлгі етіп, жариялап отырса екен. Олардың қатарында ел азаматтарына озат тәрбие берген ғылым, білім, мәдениет, өнер саласы қызметкерлерінің қол жеткізген жетістіктерін халыққа жария етсе деген ұсыныс білдіремін.

Сондай-ақ Наурыз мейрамында діни мекеме қызметкерлері діннің адам, адамзат тәрбиесі үшін ізгі дәстүрлерін жастар арасында кеңінен түсіндірсе, өте жақсы болар еді.

Жылына бір келетін Наурыз мейрамын әрбір мекеме, ұжым, кәсіпорын ерекше атап өтуге тиіс. Бұл жағынан қазақ білімі мен ғылымының қасиетті қарашаңырағы — ҚазҰУ-дың өзгелерге үлгі болар тұсы көп. Мұндай шаралар азаматтардың ауызбіршілігін, татулығын, мейірімділігін, адамгершілігін арттыруға көп ықпал етеді.

СУ ОРНЫНА

Сәлима ҚАЛҚАБАЕВА,

қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы

кафедрасының профессоры м.а.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТОЙЛАУ РӘСІМДЕРІНЕ ТОҚТАЛСАҢЫЗ

—Наурыз — жалпыхалықтық көне мереке болғанымен, тойланып жүрген көп мерекенің ішінде мәні де сәні де өзгеше мейрам. Бұл мерекенің күн мен түннің теңескен күніне сәйкес келуінің өзі талай мағынаны білдірсе керек. Қыстағы тоң боп қатқан қар еріп, күн жылып, мал төлдеп, халықтың аузы аққа тиіп, жаңа бір тіршіліктің бастау алған нышаны байқалатын кез. Сағына күткен осы күнге көп сенім мен үміт артқан. Бір-бірімен құшақтаса көрісіп, ізгі тілектер айтысқан, ағайындар өкпе-араздығын ұмытып, үйден-үйге қыдырып, думандата жүріп, дәм татысқан. Осындай игі амал-әрекеттер көрініс алған Наурыз мейрамын әр халық, әр ұлт өз таным, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне сай тойлауды әдетке айналдырған. Сол себепті де Наурызды ұлттық сипаты басым мереке деп есептейміз.

Қазақ халқы да Наурызды «Ұлыстың ұлы күні» деп ардақтап, сән-салтанатпен қарсы алуды дәстүрге айналдырған. Бұл күні «Наурыз көже» пісіріп, бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған асты ішуге шақырған. Осы мерекенің дәстүрлі тағамы — «Наурыз көжені» әр отбасы әлі күнге дейін пісіреді. Мен де «Наурыз көжені» жыл сайын пісіремін. Жеті түрлі дәм саламын. Әр түрлі дәмді қысқы соғымнан сақтаған етпен бірге қайнатып, дайын болған көжеге езілген құрт қатамын. Езілген құрт ерекше дәм беріп, тілді үйіреді. Бұл мерекеде негізгі ас мәзірінде ұлттық тағамдарды дайындаймын. Жұқпа нан, қаттама нан, қытырлақ нан, кәуеш, әсіп, нан палау сияқты әже-аналарымыздан үйренген тағамдарды пісіремін. Әсіресе, әжемнің қатар-қатар таққан білезіктерін сықырлатып отырып нан жайған сәттері көз алдыма елестесе, бала кезіміздегі дәмді аңсаймын. Негізі көнеден келе жатқан ұлттық тағамдарды ұмыт қалдырмай пісіріп, дәмін ұл-қыздарымызға таттырып, дайындау тәсілдерін үйретіп отыру парызымыз деп ойлаймын. Құрамы табиғи, құнарлығы жоғары ұлттық тағамдарымыздың қадірін қазіргі жастарымыз біле бермейді. Наурыз мейрамы ұлттық тағамдарымызды да насихаттайтын мерекеге айналып, қазақ халқының тамақтану мәдениетін танытатын деңгейге көтерілсе деген тілегім бар.

Жалпы, Наурыз — менің ең жақсы көретін мерекем. Осы күні ұлттық киім киіп, ұлттық дастархан жайып, ұлттық салт-дәстүр, ойын-сауықтарды көріп, мақтаныш сезім бойынды кернейді. Әсіресе, университетіміздің Наурыз тойы ерекше өтеді. Оған келген де келмеген де арманда... Мұнда не жоқтың бәрі бар: қаз-қатар тігілген киіз үйлер, бүркіт ұстаған құсбегі, ел тыныштығын күзеткен батырлар, кимешек киген әже, шапан киген қария, сәукеле киген қыз-келіншектер, алтыбақан тепкен бойжеткен мен бозбала, шырқалып жатқан ән, тартылып жатқан күй, мың бұралған би — көз тоймайтын өзгеше көріністер. Осындай ұлттық дәстүрге толы Әз-Наурыз мерекесі ғұмырлы болып, көңілдерге қуаныш сыйлай берсін!



14 НАУРЫЗ – КӨРІСУ КҮНІ

Көрісу – қазақ жерінің батыс өңірінде, атап айтқанда, Маңғыстау, Атырау, Орал, Ақтөбе облыстарында сақталған дәстүрлердің бірі. Көрісу күні 14 наурыздан басталады. Бұл күні қыстан аман-есен шыққан адамдар өткенді, яғни ескіні артқа тастап, жаңа жылмен бір-бірін құттықтап, амандықпен өзара қауышады.

Сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіліп, ілтипат білдіретін күн. Дәстүр бойынша бұл күні адамдар өз үй-ішімен, содан кейін көрші-қолаң, ағайынмен, ал жасы кішілер алдымен үлкен шаңыраққа барып, жасы үлкендермен көрісіп шығады. Үлкен адамның ұсынған қолын қос қолдап алып, төс қағысып амандасады. Бір-біріне «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болсын! Осы жылға аман-есен жетуіңмен!» деген тілектер айтқан. Бірін-бірі көруге асыққан адамдар байлықтың, тіршіліктің белгісі ретінде алдымен «Мал-жан аман ба?» деп амандасқан. Осы күні әрбір отбасында дастархан жайылып, астан ауыз тигізген және әсем киімдерін киіп, сыйлықтар сыйлаған.



Бұл күннің тағы бір ерекшелігі көрісу күні бұрын-соңды бір-біріне өкпе-назы бар ағайын-туыс арасындағы араздықты жойып, татуласып табысады. Көрісу салты бір күнмен ғана шектеліп қалмайды, жыл бойы жалғаса береді, яғни, әлдеқайда бір себептермен 14 наурыз күні болмаған немесе сырт жақта жүрген кез келген адам ауылға жолы түскен бойда ауылдағы үлкен кісілердің қолын алып, сәлем берген.

Ұлыстың ұлы күнгі көрісу салты халық мұрасында өлеңмен де өрнектелген:

Ұлыс күні кәрі – жас,
Құшақтасып көріскен,

Жаңа ағытқан қозыдай,
Жамырасып өріскен,
Шалдар бата беріскен.

Ұлыс күні ұлы кісіден бата алса, ол жыл олжалы жыл болар деп ырымдап, жасы кіші жасы үлкеннен бата алған. Осынау Ұлыстың ұлы күні, Самарканның көк тасы еритін күні, көктемнің алғашқы күндерімен қатар келетін дәстүр атадан балаға мирас болып, ғасырдан ғасырға ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі болып қала бермек.

Б.Ш. СОЛТИЕВА,
«Этнолог» клубының жетекшісі

КЕЗЕКТІ ШАРА

Дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының бір топ оқытушы-профессорлары кәсіби бағдарға қатысты іс-шараны жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласының Көпсалалық колледжінің (КМКК) «Іс жүргізу және мұрағаттану» мамандығының 3-курс студенттерімен кездесу ұйымдастырды.

Көп әсер қалдырған осы кездесу барысында колледж студенттерінің өз кәсіби білімдерін жоғары оқу орнында жалғастыру мүмкіндігіне байланысты ойлар айтылды.

Бұл тұрғыда әл-Фараби атындағы қарашаңырағымыздың жетістіктері, тарих факультетінің озық дәстүрлері, ұжым даярлайтын мамандықтардың артықшылықтары мен бүгінгі таңдағы өзектілігі, болашақ мамандарды жұмыспен қамти алуы, сонымен қатар студенттер мен магистранттар, докторанттарды жатақханаға орналастыру мүмкіндігі бар екендігі атап көрсетілді. Сапалы білім және ғылыммен қатар жастардың шығармашылық тұрғыдан шыңдалуына, спортпен айналысуына үлкен жағдай жасалған.

Аталған шара екі тарапқа да өте қызықты әрі пайдалы болды. Студенттер белсенділік көрсетіп, көптеген сұрақтар қойды. Кездесуге атсалысқан университет оқытушылары, студенттері мен магистранттары университетіміздің білім беру саясатына, мамандыққа қатысты бейнефильм, буклеттер, университет газетінің материалдары, кітапшалар және фотолар арқылы оларға толыққанды жауап беріп, ҚазҰУ-да білім алуға шақырды.

Ш.Т. БҰЛҒАУОВ,
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының оқытушысы

Бүгінгі таңда қоғам әрбір адамның алдына үлкен талаптар қояды. Білімді болу, тәрбиелі болу, өмірде өз орнын таба білу – әрбір жасөспірімнің арманы. Қазіргі заман жастары қандай болу керек? Осы сұраққа жауап іздеген химия және химиялық технологиялар факультетінің студенттері жуырда оқытушылар мен білімгерлердің басын қосып, дөңгелек үстел өткізді.

Шараға дайындық кезінде ХИ-402 тобының студенттері қазақтың атақты акын әйелдері Ханбибі Есенғараева, Аққұштап Бактыгереева, Марфуға Айтқожина, Фариза Оңғарсынова сияқты қаламгерлердің шығармашылығымен танысып, олардың өлеңдерін, өмірбаяндарын оқыды.

Сонымен қатар олар факультетте әлеуметтік сауалнама жүргізді. Жас қыздарға: «Әйел бақыты неде? Қазіргі таңда жиі орын алатын азаматтық некеге қалай қарайсыз?» деген сұрақтар қойылса, жігіттер жағына: «Сіз қыздардың қандай қасиеттерін бағалайсыз? Қыздардың сыртқы сұлулығы маңызды ма, әлде ішкі рухани байлығына көңіл бөлесіз бе?» деген сұрақтар ұсынылды. Берілген пікірлерді саралай келе, жас аруларымыз – отау құру, бала сүю, қызметте табысқа жетуді армандайтынын білдік, ал азаматтық неке сияқты ұлт үшін жат құбылысты біздің студент жастарымыз қабылдамайтынын байқатты. Жас жігіттер болса, қыздардың адамгершілігін, ибалылығын, ашық мінезін, өзін-өзі ұстау қабілетін, тәрбиелілігін, мәдениеттілігін бағалайтыны көрінді. Олар үшін қыздардың ішкі рухани байлығы үлкен маңызға ие. Сауалнама нәтижелерін топ студенттері Арайлым Аманжолқызы мен Анель Жәнісбек видеоролик түрінде көпшілік назарына ұсынды.

Шара тізгінін студенттер Болғанай Сәрсен мен Әлхәм Әліпұлы ұстаса, акындардың өмірбаяндарымен Әсем Жарылғап, Қарлыға

Қазіргі заман жастары



Зиябек таныстырды. Ал олардың өлеңдерін Айгүл Мұртазаева, Малика Мұқан, Болғанай Сәрсен нақышына келтіре оқып берді. Мәселен, Аққұштап Бактыгерееваның «Сіндіге сыр» өлеңінде:

«Осал да болма, ойыңнан оңай адасқан,
Өжет те болма, орынсыз сөзге таласқан.
Алдымен қызға керекті пәктік, адалдық,
Одан соң, жаным, жаз мінез керек жарасқан.
Айтарым тағы, берік бол, сертке бір сөйле,
Сабырлы таудың мінезі керек күлсең де.
Қыз мінез деген – сұлулық сыры өмірдің,
Жұмбақтай қиын жатқандай болсын бір сенде», – деп пәктік, адалдық, нәзіктікке үлкен маңыз берілген екен.

Өлең оқу, мақал-мәтел іздеу, видеороликтер дайындау барысында студенттер өздері үшін көптеген тұжырымдарға келді. Акын апаларының шығармаларынан көп нәрсені ұғып, талқылады. Мысалы, шетелге тұрмысқа шығатын қыздар үшін келесі жолдарды ескеріп келтірді.

«Өзге елдің жұмағы аулақта бар,
Көздің жауын алатын бау-бақ болар.
Шет ел қызық. Абайла!
Туған жерде
Қолтығыннан демейтін аруақ қалар.
...Жолығады бір бақыт баталы елге.
Отан деген от жалын сезіміңді
Алданышқа аз күндік сата көрме» – деген

өлең шумақтарын жастар тебірене оқыды.

Ой бөлісу, талқылау барысында студенттер Аққұштап Бактыгерееваның Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесу сәтінде Президенттің қазақ аруларына, Аналарға ыстық сезіммен айтқан сөздерін басқаларға да көңілдеріне түйсін деген оймен жеткізген лебізіне ерекше тоқталды. Елбасы: «Басты мәселе – ұлттық рухта. Рух биік болуы үшін, аналар сәбилерін қазақша әлдилеп, бесік жырын айтсын.

...Қыз бала тәрбиесі ұлтының тәрбиесімен тікелей байланысты. Қазақ

әйелінің қандай болғаны, жалпы, ұлтымыздың келбеті. Мысалы, әйелі салақ, олақ үйдің көркі болмайтыны сияқты, әйелі, қыздары дұрыс болмайтын болса, ұлттың да көркі болмайды, меніңше. Ұлды да, қызды да тәрбиелейтін, жалпы қоғамды ұстайтын, ол – ана. Әйел – бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей, бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміз толық түзелмейді.

Бойында намыс оты ойнаған, ұлт тәрбиесін сіңірген, иманды да инабатты, тәрбиелі, ана тілін ардақтаған қазақтың текті қыздары ғана ұлттық құндылықтарды қастерлеп, адалдық, ар-намыс, ізгілік қасиеттерді бойына жинақтары сөзсіз» деген екен.

Ал осы сөздерді жадына түйген акын ана Аққұштап Бактыгереева өз сінділеріне, қыздарына былай жеткізеді: «Өз басым қазақ қыздарының ішкі жан дүниесінің сұлулығына, мәдениеттілігіне, әдептілігіне өзге жұрттар тандай қағып қараса екен деп армандаймын».

Біздің студент аруларымыз да шарадан өздерінің асқақ армандарына жету жолында қажет қасиеттер ретінде осындай ойларды көңілдеріне түйіп қайтты.

Ажар БАЕШОВА,
жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының профессоры

СЕЗІМІМДІ ЖЕТКІЗЕР «СЕЛТЕТКІЗЕР», ҚОШ КӨРСЕҢ, ҰЯҢ СҰЛУ, «ҰЙҚЫАШАР» БЕР

Әр халықтың өзгеден ерекшелеп тұратын өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Ізгінің ізі, көненің көзі саналатын, ұлттың ұлылығын сақтап, елдің елдігін ғасырдан ғасырға жалғайтын осындай құндылықтарды қадірлеп, мерейін үстем ету – кез келген ұрпақтың борышы. Десе де бүгінгі таңда аты аталмай, салты сақталмай жүрген тарих тереңінде жатқан әдет-ғұрыптарымыз жетерлік. Соның бірі – ертеде жастар жағы тойлаған «Ғашықтар күні».

Бұл күні сері жігіт ғашығына сезімін білдіріп, «Селтеткізерін» тарту еткен. Егер бойжеткен оның сезімін қабыл алса, «Ұйқыашарын» дайындап ұсынған. Ұйқыашар тағамының сырына тоқталсақ, ол соғымның қалған етін уызға салып пісіріп дайындалады. Ал жігіттер мен бозбалалар «Селтеткізерге» аруларына арнап айна,



тарак, иіс май, күміс жүзік сыйлаған екен. Әр сыйлықтың өзіндік сыры болған. Мысалы, айна – пәктік пен жастықтың, тарак – әдемілік

пен сұлулықтың, иіс май – бүршігін жана ашқан жауқазындай құлпырудың, күміс жүзік – тазалықтың белгісі ретінде сыйға берілген.

Ару сыйлықты қабыл алып, «Ұйқыашарын» ұсынып жатса, арман-тілектері табысқан қос махаббат иесі осыдан кейін өмір бойы бір болуға серттесіп, сол күнгі Ұлыстың ұлы күнінің таң шапағын бірге қарсы алады екен. Бұл – сол кездердегі таңғы арайды бірге қарсы алған қос ғашықтың өмірлері нұрлы болады деген сенімнен шыққан.

Бұл салт өткен жылдардың еншісінде қалып, қазіргі таңда мүлде ұмытыла бастады. Үлкендеріміздің айтуымен ұмытылып бара жатқан салттың қайтадан жаңғыруына күш салып жүрген жастарымыз жоқ емес. «Қазақ университеті» газеті де осы мейрамды ұлықтаудан тыс қалмау үшін жыл сайын «Селтеткізер» мен «Ұйқыашардың» өлеңмен өрілген үлгісін көрсетіп, студент жастардың пікірлерін басылым бетінде шығарып келеді. Аталмыш дәстүріміз қазір айтылып қана қоймай, болашақта қоғамда, жастар арасында кеңінен қолдауға ие болып, ғашықтар мерекесі болып бекітілсе екен деген тілек бар. Ал, бұған жастарымыз не дейді екен?



Назкен ЖАНСЕРІКОВА,
журналистика факультетінің 4 - курс студенті

«ҰЙҚЫАШАРДАН» ДӘМ ТАТСА...

Ертеде қазақ халқы Ұлыстың ұлы күнін ырыздығы мол мезгіл деп есептеген. Самарқанның көк тасы еріген сәтте күн мен түн теңеледі. Халық молшылық күйге бөленіп, akka ауыздары тиеді. Көктем жанаша құлпырып, жаңарған ортасымен, махаббатқа бөленетін шағымен еректенетін. Осы айды жастар да өздерінше тойлайтын. Мерекеде жастар түні бойы алтыбакан теуіп, ауылдың алты ауызын айтып, жігіттер ұнатқан қыздарына: «Селтеткізер» сыйласа, қыздар жігіттерге «Ұйқыашардан» дәм татқызған.



Бағжан ДАНАЙ,
филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті

СҮЙІСПЕНШІЛІК БАСТАЛАР КҮНІ

Наурыз – көңілді көктемнің бейнесі. Қаһарлы қыстан аман өткен тіршілік иесінің бойына жан бітетін уақыт. Қазақ халқының түсінігінде бұл мерекені халық қазіргі жаңа жыл есебінде тойлайтын болған. Ұлыстың ұлы күніне тура келген 22 Наурыз қасиетті саналған. Бұл күні әр қазақ шаңырағында мол дастарқан жайылған. Туыс-туған, ағайын-жекжат бір-бірінің үйіне барып, «Жасына жас қосылсын», «Жылың құтты болсын!» деген ақ тілектерін айтып, төс қағыстырып амандығын білдірген. Осынау тамаша мереке қарсаңында 21 наурыз күні ертедегі күнтізбе бойынша «Ғашықтар күні» аталып өтілгенін білеміз. Бұл күні ауыл жастары бір жерге жиналып, Наурыздың таңын күтеді екен. Осы түні

жігіттер көңілі қалаған аруға айна, тарак, жүзік сынды сыйлықтар тарту еткен. Бұл салт «Селтеткізер» деп аталған. Өзіне деген жігіттің сезімін білген қыз жауап ретінде «Ұйқыашар» тағамын әзірлеп, ұсынған. Бүгінгі таңда бұл дәстүр ұмытылып кеткені рас. Бірақ оны заманға сай қайта жаңғыртсақ, үлкен олжа болар еді. Себебі өзге елдің түп-тамыры белгісіз, жат дәстүрлеріне еліткенше, ұлттық құндылықтарымызбен қайта қауышқанымыз дұрыс. «Ұйқыашар» мен «Селтеткізер» жастар арасында қайта пайда болса, жоғалған асылымыздың табылғаны емес пе?



СЕЛТЕТКІЗЕР



Мұхтар СЕРЖАН,
филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс магистранты

Тағайын маржан сөзді мойыныңа, Әнім бар түнгі сауық ойыныңа. Қолымда «Селтеткізер» келіп тұрмын, Женгей жан, қызды көрсет қайыныңа.

Мен емес шырпы басын сындырмаған, Жігіт пе көздегенін тындырмаған. Қалқаның оң жағынан еппен барып, Ұстайын шашбауынан сыңғырлаған.

ҰЙҚЫАШАР



Жансая БАРАТОВА,
филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті

Ән-жырынды арнасаң көңілденем, Маған құрбы жоқ шығар сенен артық. Бес күндік өте шығар өмір деген, Өтсе екен уайымсыз көңіл шалқып.

Армандадым көктемді көз ілмедім, Іште жалын сездірмей жүрдім күліп. «Ұйқыашарды» беруге әзірлендім, «Селтеткізер» серіден күтіп жүріп.

Ұстаздар ішінде еңбекке деген қажыр-қайратының, ғылыми зерттеуге деген табандылығының жемісін көріп, әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінен орын алған, қошемет-қолдауға лайық жандар аз емес. Қашанда шәкірттерін ғылым жолына бет бұруға баулып, әр сабағында тарих тереңінен сыр тартып, өткен ғасыр басындағы Алаш зиялыларының атқарған еңбектерін насихаттап, мұрасының мәні мен мазмұнына, тереңіне бойлап, әрдайым оларға тағзым етуіміз керек екендігін еске салып отыратын ардақты ұстаз, әдіскер һәм тәлімгер Райхан Сахыбекқызын сондай жандардың қатарына қосуға болады.

Ұлт көсемі, алаш қайраткері Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» дейді. Ақыл-парасатымен қатар, бойынан қайсарлық, ұлтжандылық, табандылық табылатын Райхан апайды мінезсіз дей алмаймыз. Шынында, ұстазымыз — саналы ғұмырында ұлт руханиятына терең тамыр жіберген, жана кәсіби білімнің биігіне құлаш ұрған, зерделі ойдың, парасатты пайымның иесі, шәкірт жүрегіне жол тапқан абзал жан. Әр сабағы өнеге мен тағылымнан тұратын ұстаз-ғалымның өмір жолына тоқтала кетсек: Райхан Сахыбекқызы 1967 жылы 9 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң, Алматы энергетика институтына оқуға түсіп, 3 курста аталған оқу орнын аяқтамастан, өз еркімен оқуды жалғастырудан бас тартып, әдебиет әлеміне деген құштарлық, Сөз өнеріне деген алғаусыз көңіл осы саланы таңдауға, алынбастай көрінген асуды бағындыруға алып келеді.



Абай атындағы ҚазҰПУ-дың филология факультетіне оқуға түсіп, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын үздік тәмамдайды. Ол ЖОО-да білім алумен қатар, «Жетісу», «Халық конгресі», «Қазақстан сарбазы» газеттерінде тілші, арнаулы тілші болып жұмыс істейді. 1996 жылы оқытушылық еңбек жолын Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Республикалық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруден бастаған. Содан бергі уақытта алаш көсемі, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылық ғұмырнамасын зерттеу нысаны етіп келеді. «Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы» (мұрағат деректері негізінде) атты кандидаттық диссертация

қорғап, «Ғасыр санлағы» (2010), «Ұлағатты ұлт ұстазы» (2016) зерттеу-монографияларында, анықтамалық-көрсеткіштерінде Ахаң тұлғасын тануға, ғылыми, тарихи мәнін терең түйсінуге, өмірінің, шығармашылық ғұмырнасының көпшілікке беймәлім тұстарын таныстыруға, насихаттауға сүбелі үлес қосып, біртуар тұлғаның болмыс-бітімін, мұра-мирасын өз деңгейінде зерделеуге білім-білігін, қажыр-қайратын жұмсап келеді. Ахаң өмірбаянын зерттеу барысында тың дүниелер, құнды деректер кездестіргенін, оны ғылыми тұрғыда зерделудің оңай болмағанын үнемі айтып отырады. Ахаң туған топыраққа сан барып, жүрген, қызмет еткен орындарын аралап, қадір-қасиет тұнған өлкенің көнекөз тұрғындарымен жүздесіп, әр деректен сыр түйіп, әр тасынан өңір шежіресін, ұстаз өмір кешкен кезең тынысын бағамдап жүретінін де айтпасақ болмас.

Ғасыр санлағы Ахмет Байтұрсынұлының таңдамалы бес томдық (2003-2006), алты томдық(2013) шығармаларын құрастырып, шығаруға белсене араласып келеді. 2005 жылдан бүгінге дейін А. Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры, кейінірек әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті қызметін атқарып келеді.

Райхан апайымыз Ахмет атамyzдың мұражай үйіне басшылық жасаумен қатар, мекеменің мемлекет тарапына өтуі үшін де талай тындырымды жұмыстар атқарып келеді. Үстіміздегі жылдың басында мемлекет және қоғам қайраткері Иманғали Тасмағамбетов: «Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйін мемлекеттік меншікке беріп, оның мәртебесін республикалық деңгейге көтеріп, ғалымның

ғылыми еңбектерінің 10 томдығын жарыққа шығарып, Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйінің ғимараты республикалық маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілетін болады» деп, үміт сәулесін қайта жакканы көңілге зор медеу болғаны анық. Университет ректоры Ғ. Мұтанов қыркүйек айында, Ахаңның туған күні қарсаңында мұражайда болып, ұлт ұстазының ұлағатты өмірінен тағылымдық дәріс оқып, оны үнемі өткізуді де қолдап жүргенін білеміз. Студент қатарына қабылданған соң Ахаң үйіне экскурсия жасап, дәріс тындау — I курстықтар үшін бұлжымас қағидаға айналғалы қашан.

Р. Сахыбекқызы жүргізетін «Әдеби даму заңдылықтары», «Қазақ әдебиетін жана технологиялар негізінде оқыту», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ әдебиетінің типологиясы», «Қазақ прозасындағы психологизм», «Ахметтану» т.б. пәндерді студенттер қызыға тындап, ғылым жолын таңдауда бірігіп атқарар істердің көкжиегін кеңейтетін зерттеулермен айналысуға тырысады.

Райхан Сахыбекқызы жарты ғасырға жуық ғұмырында білімділігі мен біліктілігінің, қабілеті мен қағылездігінің арқасында көпке үлгі, іске ұйытқы болып, ұстаздық пен ғалымдықты ұштастырып, азаматтық деңгейден де көрініп, ата-ана үмітіне, Ахаңның асыл тұяғы Шолпан апайдың аманатына қиянат жасамай, адалдық танытып келеді. Өнегелі ісі, өркенді қызметі болашақ ұрпаққа, өзі тәрбиелеп жатқан шәкірттеріне де жұғысты болып, жалғасын таба берсін деген ниеттеміз! Еңбегіңіз жансын, алаштың аяулы қызы!

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,
филология және әлем тілдері
факультетінің аға оқытушысы,
Жадыра НӘЖІБ,
«Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 3-курс студенті

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының «Сарапшы-криминалист» студенттік ғылыми үйірмесі жуырда ашық есік күнін ұйымдастырды.



Алматы қаласы және облысынан 9-11 сынып оқушылары ата-аналарымен келіп, университет жайында мол мағлұмат алды. Қонақтарға білім ордамыз жайлы қысқа метражды фильм, презентация көрсетілді. «Сарапшы-криминалист» студенттік ғылыми үйірмесінің мүшелері жалпы студенттік өмір туралы, университетіміздің білім беру жүйесі жайлы кеңінен айтып берді. Сонымен қатар көптің көкейіндегі ЖОО-ға түсудегі жана форматтың ерекшеліктері де кеңінен сөз болды. Жас түлек пен ата-ана үшін бұл бүгінгі таңда аса маңызды мәселе боп саналады.

Оқушылар мен ата-аналар университет қалашығымен жақыннан танысып, ҚазҰУ мұражайы, Әл-Фараби кітапханасы, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайын және ғажайып мекеннің өзге де

жерлерін аралап шықты. Сондай-ак ҚазҰУ-дың заң факультетінде орналасқан барлық кафедралардың ғылыми орталықтары, кафедрада жұмыс жасап жатқан арнайы студенттік үйірмелер, факультетте орналасқан оқу полигондары: сот мәжіліс залдарын, трассологиялық зертханалар да қонақтар назарына ұсынылды.

«Сарапшы-криминалист» студенттік үйірме мүшелері талапкерлерге өздері сияқты ҚазҰУ студенті атануға шақырды. Ашық есік күні өткен шаралар жас түлектердің университет жайлы мәліметтерін толықтырып, оларды толғандырған сұрақтардың шешімін табуға ықпал етті деп сенеміз.

С.Ш. ДАУБАСОВА,
заң факультетінің кәсіби бағдар беру
жұмыстарына жауапты тұлғасы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Қазіргі таңда университет тарапынан студенттерге сапалы білім алу үшін барлық жағдай және мүмкіндік жасалуда. Ағымдағы оқу жылынан бастап білім беру үрдісіне енгізілген өзгертулер біздің мамандыққа да қатысты болды. Осы оқу жылында алғаш рет «5В060300-Механика» мамандығының оқу жоспарына 8-семестрде педагогикалық практика енгізілді. Өрине, бұл өзгеріс бір студентті қуантса, бір студентті алаңдатты. Осылайша, біздің қысқы демалыс уақытынан соң келісімшартқа отырған мектептерге жіберді. Мен және 26 студент-практикант «Республикалық физика-математика мектебіне» аттандық.

Алғашқы күннен бастап бізді мектеп директоры Ербол Басков бастаған ұжым құшақ жая қарсы алды. Бізді өз жауапкершілігіне алған жетекшілеріміз және сынып жетекші апайлар мен ағайлар мектеп өміріне етене араласуымызға көмек берді. Студенттердің басым бөлігі бұл практиканың дер кезінде ендірілгенін, оның қажет екенін атап өтті. Олардың айтылған ойларынан үзінді келтірер болсақ: «...Мен мектепке оны кеше бітірген оқушы ретінде емес, мұғалім ретінде қарап және ол жерді өзімнің болашақ жұмыс орным ретінде қабылдай бастадым» десе,

жасау ерекшеліктерін үйрене бастады. Осы қарым-қатынастар балалардың көңіл-күйіне қалай әсер ететінін, өз еңбектерінің нәтижесін зерделеуге талпындырды. Бұл айтылғандардың барлығын студенттік аудиторияда сезіну мүмкін емес екені айтпаса да белгілі.

Бұл практиканың мақсаты студенттің кәсіби-педагогикалық бағыттағы тәжірибесін одан әрі жетілдіру, оқу-тәрбие жұмыстары бойынша негізгі міндеттерін түсіндіру болып табылады. Демек, практиканы ендіру нәтижесінде студенттерді



келесі бір студент: «Мектеп — бұл керемет мекеме, онсыз өмір қызық болмас еді. Мен мұны практикаға барған кезден жақсы түсіндім», — деп жазды.

Көптеген студенттер практика кезінде өздерін мұғалім ретінде сезінуге мүмкіндік алды, өз таңдауларының дұрыстығына көздері жетті. Сабақ құрылымы туралы алғашқы түсініктері қалыптасты. Өздеріне деген сенімділіктері артты. Сондай-ак, жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынас

төртінші курстан кейін педагогикалық қызметке жүйелі түрде дайындауға мүмкіндік мол. Осындай пайдалы әрі қызықты педагогикалық практиканы ұйымдастырғаны үшін барлық студенттер атынан механика кафедрасы ұжымына, оның ішінде практика жетекшісі Туралина Динара Елеусізқызына алғысымызды білдіреміз!

Аскар АЗАМАТ,
механика кафедрасының 4-курс студенті

Ақбота МҰХАМБЕТӘЛИ

1998 жылы Ақтөбе қаласында дүниеге келген. 2013 жылы «Сәт сапар» атты шығармашылық кітапшасы жарық көрді. 2015 жылы «Евразия жұлдызы» атты халықаралық байқаудың 1-орын иегері.



САҒЫНДЫМ

Анашым,уайымдама жаксы бәрі,
Жатақхана тамаша әрі жылы.
Студенттер керемет араласып,
Өздеріне тартады бар адамды.
Анашым,сағындым ғой өзіңізді,
Еркелетіп,ботам деген сөзіңізді.
Әрқашан ақыл айтып, демеу болып,
Күлімдеп құшақтаған кезіңізді.
Анашым, студенттіпін енді мен де,
Қызыңыз бой жетуде күннен-күнге.
Жәннатым, артып отқан үмітінді,
Аяқ асты етпейді қызың мүлде!
Болады енді перзентің ең ақылды,
Ажырата алады алыс пенен жакынды.
Оң мен солын тануда ақырындап,
Төмендетпей ұстайды атыңызды.
Әкешім, үлгі аламын өзіңізден,
Әрбір айтқан астарлы сөзіңізден.
Әкетайым,білесің бе, ең алдымен,
Өте ыстық құшағынды сағындым мен.
Менікіндей әке жоқ жер бетінде,
Тең келмейді бірде бір жан оған мүлде.
Әлемдегі ең ақылды,жаксы пенде,
Сұраса, дер едім мен — жалғыз менде!
Асқар тауым пана болдың бәрімізге,
Қандай жаксы сендей әке бары бізде.
кешім, өзіңізбен мақтанамын,
Бір мін жоқ істеген ісіңізде.

КӨМЕК ҰЙЫМЫНА АРНАУ

Армысыздар, ата жұртым ардақтылар,
Елімнің берекесін ардақ тұтар.
Жұмылып, жұдырықтай болып отыр
Халықтың перзенттері бетке ұстар.
Жүрегіне орналасқан иманы
Келбеті мен ішкі дүние жайдары
Қиын шақта көмектесер халыққа
"Көмек"ұйымы ұл-қыздарын жинады.
Тастандылар толып жатыр қаншама
Әлі сәби пәк жүректі болса да
Карияға, қолдау керек жандарға
Көмектесу міндетіміз — баршаға.
Міндетсініп, дәреже оны көрмейсің
Кемшіліктер болса оны жөңдейміз.
Көмек қолын алға тартып рқашан
Әділетсіздік жолына дес бермейміз.
Көмегімнің биік болсын тұғыры
Таусылмасын алар шың мен асуы.
Ұмтылғанша билік пенен беделге
Атқарайық жұмысты көп сауабы!

ТӘУЕЛСІЗДІК

Талайлар еркіндікті аңсап өткен
Өтсе де өкінішпен қанша көктем.
Тәуелсіз елімізді әлем танып,
Жаһанға достық жырын жар сап өткен.
Көгімде көкбайрағым тербетілген
Қазақтай халық қайда жер бетінде?!
Енселі елордам бар асқаралы
Көрген жан сүйсінетін келбетіне.
Қазаққа халық бар ма тең келетін

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 4-курс студентімін. Аз уақыттан кейін университетті бітіріп, үлкен өмірге қадам басамын. ҚазҰУ маған не берді?

Әрбір жоғары оқу орнын бітіруші түлек өзіне осындай сұрақ қояды деп ойлаймын. Ұлттық университет менің шыңдалуыма, сапалы білім алуыма көп мүмкіндік берді. Мектепті бітіріп, жаңа ортаға үйрене алмай жүргенімде «Бірінші курс таланттары» атты жоғары деңгейде өткізілетін дәстүрлі байқауға қатысу, ректорымыз Ғалымқайыр Мұтанұлының қолынан марапат алу мен үшін үлкен мотивация болды. Әр өңірден, әр түрлі факультеттерден жиналған жалынды жастармен бірге Өмірбек Жолдасбеков атындағы студенттер сарайының үлкен сахнасында өнер көрсету — менің ең үлкен жетістігім деп білемін.

Факультетаралық «Студенттік көктем» байқауына қатысып, мен сол уақытта 80 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан университетіміздің тарихымен таныстым. 1934 жылы еліміздің ең алдыңғы қатарлы университеті, қарашаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің іргетасы қаланды. Бүгінгі күні университетімізде 20 000-ға жуық студент білім алады. Он бес факультеттен тұратын университетте үш мыңға жуық профессор-оқытушылар құрамы студенттерге білім беріп келеді.

Жетекші ұлттық университетке әл-Фараби есімінің берілуі бұрынғы ата-бабаларымыздың мәдениеті мен тарихи ғибраттарын студент жастарды тәрбиелеуде және барлық жас ұрпаққа Отанға деген сүйіспеншілік рухында білім беруде аса зор мәнге ие.

ҚазҰУ қалашығы аталып кеткен құтты мекен университетімізге аты берілген әл-Фарабидің еңбектерінде көрініс тапқан «қайырымды қаланың», «ізгілік қалашығының» прототипі іспетті. «Ақылды қаламызда» Ө. Жолдасбеков атындағы 1600 орындық студенттер сарайы, ТМД елдеріндегі жалғыз үлкен ауқымды Әл-Фараби кітапханасы, электронды кітапхана, спорткешені, бассейн мен стадион, жаңа ғимараттар, мұражайлар, әскери кафедра,

Намысы күллі жұртқа дем беретін.
Құшаққа құрақ ұшса дос көретін
Ұсаққа өкпелесе шерленетін.
Ел едік бай-патшаның қойын баққан
Алдыда арайланып жайылды ақ таң.
Бойында қазақ дейтін қаныменен
Ел болдық бар әлемді мойындатқан!

АНА ТІЛІМ

Болашағы тілімнің не болады,
Ойласам жүрегіме мұң толады.
Тіл болмаса тірлікте байлық та жоқ
Ұрпаққа,уа халайық,нең қалады?
Шертілер тіл арқылы жан сырымыз,
Ашылар тіл арқылы сан қырымыз.
Сондықтан ұғынайық тіліміздің
Тағдыры біздің дағы тағдырымыз.
Осы тілде анам ән салатұғын
Жанымға әкем берді от жағатұғын.
Ендеше ештеңе де жоя алмайтын
Мәңгі жасай береді Ана тілім!
Тілім-арым, ол менің мақтанышым
Ана тілді ардақта мақтанып шын
Тіл адамның қаруы, қазынасы
Ойды өрнектеп кеудеден шығаратын.
Тілің барда сен барсың жоғалмайсың,
Тілсіз жүріп іргелі ел болмайсың.
Тілің керек ауадай, жер мен көктей
Жас буын Ана тілді ойлағайсың.

Қазақ тілі өте бай тіл білгенге
Оның сырын түсінуде теренде.
Сан ғасырды бастан кешкен қазақ тіл
Дәл қазір де жойылуы мүмкін бе?
Жойылмайды, жойылмайды Ана тіл
Тілдің сырын теренірек бойлай біл.
Жоғалту да дамыту да тілінді
Өз қолында соны, елім, ойлай біл.
Кейбіреулер туған тілін білмейді,
Білмегесін белгісі олар келмейді
Туған тілін түсінбеген азамат
Өз ұлтының қасиетін сезбейді.
Үйрен тілді баста бәрін жаңадан
Отан тілі әркімге ыстық бір арман
Ана тілін — қазақ тілін құрметтеу —
Бізге аманат, қалған мирас бабадан!

ҚазҰУ-ымен мақтанам!

технопарк, медициналық орталық және студенттерге қызмет көрсету орталығы студенттер игілігі үшін қызмет етуде. Қалашықтың әсем көрінісі, таза ауасы, шыршалары мен кішігірім ормандары кез келген адамды оқуға, білім алуға, шығармашылық шыңдалуға шабыттандырады.

Мен философия және саясаттану факультетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында білім алудамын. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика кафедрасы 1940 жылы 12 қаңтарда құрылған. Бүгінде ол педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы болып өзгертіліп, педагогикалық бейіндегі мамандарды даярлайтын философия және саясаттану факультетінің ежелгі кафедраларының бірі. Оның қалыптасуы мен дамуы ұзақ мерзімді камтиды: тарихи-филологиялық факультеттің құрамында ашылып, университеттің педагогикалық мамандықтарын массалық қамтамасыз етуден бастап, «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» және білім беру қызметінің бакалавриат, магистратура, PhD докторантура — үш сатылы жүйесіне өту кезеңіне дейін жұмыс істеп келе жатыр. Оқу барысында мен К.Ж. Қожахметова, Ш.Т. Таубаева сынды белгілі педагогтардан білім, тәрбие алу мен үшін үлкен қуаныш болды. Кафедра ұжымының үнемі ғылыми ізденісте, оқытушылар мен студенттерге жоғары талаптар қоюы мені ғылыми жұмыстар, жобалар жасауға ынталандырды. Университет қабырғасында экономикалық жоба құрастырып, үздік бестікке іліктік. Республикалық олимпиадаға қатысып, екі жыл қатарынан бас жүлдені иелендік. Әртүрлі ғылыми журналдарда, ғылыми конференцияларда мақалаларымыз жарық көрді.

Қазіргі таңда мен «Кіші мектеп жасындағы балалардың эмоционалды мінез-құлық аумағын арт-терапия негізінде педагогикалық-психологиялық түзету» тақырыбында дипломдық жұмысымды жазып жатырмын. Оның аясында №159 гимназияның 2



сынып оқушыларымен арт-терапиялық сабақтар жүргізудемін. Сабақ барысындағы оқушылардың қызығушылығы, белсенділігі, өз жұмыстарына сүйсінуі, жағымды көңіл-күйі мені қуаныш пен ләззатқа бөлейді. 4 жыл бойы алған білімнің нәтижесін тәжірибеде көру — үлкен жетістік. Осы жетістікке жетуімнің себебі болған қарашаңырағым — әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне алғысым шексіз!

Мәлике СЕРІКОВА,
«Педагогика және психология» мамандығының
4-курс студенті:
ғылыми жетекшісі А.Ә. БУЛАТБАЕВА,
п.ғ.д., профессор

Үздік ЭДВАЙЗЕР

«ҚазҰУ smart эдвайзері» байқауы – университеттің оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби шеберлігін анықтауға бағытталған сайыс. Бұл байқау университет ректоры **Ғ. Мұтановтың «Al-Farabi smart university» және «Green Campus» жобалары аясында өткізілген университет көлеміндегі іс-шара болып табылады. Экономика және бизнес жоғары мектебінде де наурыз айының алғашқы аптасында ең үздік эдвайзерді анықтау сайысы өтті.**



Байқау оқу-әдістемелік, тәрбиелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы, ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындаудағы, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізудегі педагогтардың барынша нәтижелі жұмыстарын анықтайтын үлкен сынға айналды. Осы байқауға есеп және аудит кафедрасының оқытушысы, ғылыми-педагогикалық тәжірибесі 9 жылды құрайтын әрі ғылыми-педагогикалық іс-шараларда жоғары жетістіктері бар Исаева Айман Амангелдіқызы қатысып, 2-орынға ие болды.


Барлық қатысушы ЭЖБЖМ эдвайзерлері көрермендердің алдында өздерінің өнерімен, біліктілігімен көзге түсіп, көрермендердің үлкен ықыласына бөленді. Өз топтарының өнерін, креативті көзқарастарын, дарындылығын көрсетуге тырысқан 2-курс студенттерінің өнеріне барша жиналған қауым тәнті болды.

Байқаудың бірінші турында таныстыру видеоролик түрінде ұсынылды. Топ студенттер мен эдвайзерлердің арасындағы тығыз қарым-қатынастың әрдайым орын алып отырғанын барлық көрерменге жеткізе білді. Эдвайзер күнделіктерінің үзінділері, фото-видео материалдары, тәрбиелік іс-шаралардың қорытындыларынан тұратын портфолиоcы қазылар алқасына ұсынылды. Қазылар алқасы эдвайзерлер жұмысының жан-жақты жүргізіліп отырғандығын атап көрсетті.

Байқауға қатысушы эдвайзерлер топ студенттерімен бірге өз өнерлерін байқаудың 2-турында ортаға салды. Домбыра, пианино, скрипка және гитарадан жасакталған оркестр «Ақбұлақ» әнін орындап, кавказдық лезгинка биін тамаша биледі. Эдвайзер ағылшын тілінде «Reality» әнін жеке орындаса, заманауи флэшмоб биін топ студенттері есте қаларлықтай орындап шықты.

Қ.Т. АКИМБАЕВА,
есеп және аудит кафедрасы
меңгерушісінің орынбасары

Наурыз құтты болсын!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Жазерке ҚАРАТАЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №136

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.